



## ИНФОРМАЦИОННОЕ ПИСЬМО

Қазақстан-Американдық еркін университеті «Рухани жаңғыру» («Туған жер» арнайы жобасы), жобасын іске асыру аясында «Ұстазым жайлы сыр шертсем» атты аймақтық презентациялар сайысын өткізетінін хабарлайды.

*Тапсырысты рәсімдеу үлгісі*

### «ҰСТАЗЫМ ЖАЙЛЫ СЫР ШЕРТСЕМ» АЙМАҚТЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯЛАР САЙЫСЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН ТАПСЫРЫС

1. Қатысушының аты жөні, оқу орнының толық атауы, сыныбы (курсы)
2. Қатысушыны дайындаған мұғалімнің немесе оқытушының толық аты жөні.
3. Презентацияның аты (мысалы, «Ұстаздық еткен жалықпас», «Ұстазым, менің ұстазым» және т.б.)
4. Байланысу түрлері ( үйдің мекен-жайы, қатысушы оқитын немесе қызмет жасайтын мекеменің пошталық мекен-жайы, телефон (қызметтік және ұялы, үй телефоны қатысушының қалауы бойынша), e-mail, қатысушы мен оның жетекшісінің телефон нөмірлері.

Бұл тапсырыс [tanya\\_levina@mail.ru](mailto:tanya_levina@mail.ru) электрондық мекен жайына **2019 жылдың 25 қазанына** дейін жіберілуі тиіс.

**МАҢЫЗДЫ!** Сайысқа қатысуға тек тапсырыс қана беріледі. Презентацияны қатысушы **2019 жылы 04 қарашасында** өзі ұсынады. Қатысушы сайыс материалдарын сайыс өтетін күні бағдарламаға сәйкес көрсетеді. Бағдарлама берілген тапсырыстар бойынша құрылады.

Сайысты ұйымдастыру комитетімен байланысу түрлері:

Қазақстан Республикасы, Өскемен қаласы, М.Горький 76, каб. 112. Тел. 8 (7232) 50-09-91, 8 (7232) 502-941, e-mail, [tanya\\_levina@mail.ru](mailto:tanya_levina@mail.ru)

Электрондық пошта арқылы жіберілетін хаттарға «Тақырып» деген жерге «**Презентация**» деп белгілеулеріңізді сұраймыз.

Тақырыпқа сай келмейтін материалдарды ұйымдастыру комитетінің алып тастауға құқығы бар.

**«БЕКІТЕМІН»**  
**ҚАЕУ Президенті,**  
**ҚР ҰҒА академигі**  
**Е.Мамбетказиев**  
**«20» қыркүйек 2019 ж.**

## **«ҰСТАЗЫМ ЖАЙЛЫ СЫР ШЕРТСЕМ» АЙМАҚТЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯЛАР САЙЫСЫН ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕЖЕСІ**

1. «Ұстазым жайлы сыр шертсем» атты аймақтық презентациялар сайысы «Рухани жаңғыру» («Туған жер» арнайы жобасы), жобасын іске асыру аясында өткізіледі.
2. Сайыс білім алушыларды «мұғалім» мамандығын дәріптеп, педагог еңбегін насихаттауға, сондай-ақ жастарда аймақтық білім мен мәдениеттің басымдықтарын нығайтуға және азаматтық, патриоттық, адамгершілік құндылықтарын дамытуға бағытталған
3. «Ұстазым жайлы сыр шертсем» атты аймақтық презентациялар сайысы ашық іс-шара болып табылады.
4. «Ұстазым жайлы сыр шертсем» атты аймақтық презентациялар сайысына қатысушылар:
  - Өскемен қаласы орта мектептерінің 9-11 сынып оқушылары;
  - Өскемен қаласы ТжКБ ұйымдарының 1 курс оқушылары;
  - Өскемен қаласы ЖООның 1 курс студенттері;
5. «Ұстазым жайлы сыр шертсем» атты аймақтық презентациялар сайысы қазақ және орыс тілдерінде тақырып бойынша (Power Point бағдарламасында) презентацияны ұсынуға талап қояды.
6. Бір оқу орнынан үш қатысушы ғана қабылданады.
7. «Ұстазым жайлы сыр шертсем» атты аймақтық презентациялар сайысының ережесі ЖОО-ның сайтында [www.kafu.kz](http://www.kafu.kz), «Хабарландыру» бөлімінде орналасқан.
8. «Ұстазым жайлы сыр шертсем» атты аймақтық презентациялар сайысы екі кезеңнен тұрады:
  - 1-кезең: презентацияны дайындау, сайысқа тапсырыс беру (2019 жылдың 25 қазанына дейін)
  - 2-кезең: Қазақстан-Американдық еркін университетінде қатысушының презентацияны қорғауы (2019 жылдың 04 қарашасына дейін).
9. Қатысушы сайыстың бірінші кезеңінде осы Ереженің 3-тармағына сәйкес, сайыстың тақырыбына байланысты мұғалімнің немесе оқытушының жетекшілігімен презентацияның тақырыбын таңдайды. **20 қыркүйек 2019 жылдан 25 қазан 2019 жылға дейін** қатысушы немесе оның жетекшісі берілген үлгі бойынша тапсырысты рәсімдейді.
10. «Ұстазым жайлы сыр шертсем» атты аймақтық презентациялар сайысын ұйымдастыру комитеті сайыстың бірінші кезеңі аяқталған соң, (берілген тапсырыстар бойынша) шараның бағдарламасын жасайды және

екінші кезеңнің бағдарламасын **2019 жылдың 30 қазанынан кейін** ҚАЕУ сайтына орналастырады.

11. Сайыстың екінші кезеңі **2019 жылдың 04 қарашасында** Қазақстан-Американдық еркін университетінің ғимаратында іштей өтеді. Сайыстың бекітілген бағдарламасына сәйкес, қатысушылар өз жобаларын қорғайды. Презентацияны әуенмен сүйемелдеуге рұқсат етіледі.
12. Презентацияны рәсімдеудің талаптары. Жұмыстар Microsoft Power Point (электронды презентация) бағдарламасында ұсынылуы қажет. Слайд парақтары 12-ден кем емес және 16-дан артық болмауы керек. Титулдық бетінде жұмыстың атауы, қатысушының және жетекшінің аты- жөні, оқу орны, қала, жыл көрсетілуі тиіс. Презентацияда сайыстың тақырыбына сай біраз мәтін мен фотосуреттер қамтылуы қажет. Әділ қазылар жобаның жалпы құрылымын, мәтіндер мен фотосуреттердің сапасын, автордың жаңалығын, сонылығын бағалайды. Жұмысты ұсыну уақыты - 5 минут.
13. Аймақтық сайыстың қорытындысы бойынша бірінші, екінші және үшінші орындар беріледі. Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады. Дипломда жеңімпазды дайындаған жетекші туралы ақпарат көрсетіледі.
14. Қатысушыларды марапаттау Сайыстың іштей кезеңінде жүргізіледі. Қалалық сайысқа қатысқандарын растайтын сертификаттар беріледі. Қатысушы сертификатымен қоса жеңімпаздар 1, 2 және 3 дәрежелі дипломдарға ие болады.
15. «Ұстазым жайлы сыр шертсем» атты аймақтық презентациялар сайысына қатысу тегін. Жұлделі орындарға ие болған презентациялар ұйымдастыру комитетінің шешімімен ЖОО-ның сайтында кітапша түрінде жариялануы мүмкін
16. Ұйымдастыру комитеті осы Ережеге өзгерістер енгізуге құқығы бар.